

*Құжаттар тізбесі толық болып табылмайды,
өйткені нақты жағдайға байланысты қосымша құжаттар талап етілуі мүмкін*

**Жеке нотариус, адвокат,
жеке сот орындаушысы, кәсіби медиатор
ағымдағы /жинақ шоты**

1. Банктік шот ашуға өтініш (бланкті Банк береді);
2. Қолтаңбалардың үлгілері бар құжат, 2 (екі) дана (бланкті Банк береді);
3. Қол қою үлгілері бар Құжатқа сәйкес ақшамен және (немесе) өзге мүлікпен операциялар жүргізуге Клиенттің құжаттарына қол қоюға уәкілетті лауазымды тұлғаның (тұлғалардың) жеке басын куәландыратын құжат (құжаттар)
4. Нотариалдық қызметпен айналысуға құқық беретін лицензия (жеке нотариустар үшін) немесе «Е-лицензиялау мемлекеттік деректер базасы арқылы алынған электронды лицензияның көшірмесі (жеке нотариус үшін);
5. Адвокаттық қызметпен айналысуға құқық беретін лицензия немесе «Е-лицензиялау» мемлекеттік деректер базасы арқылы алынған электронды лицензияның көшірмесі (адвокат үшін);
6. Атқарушылық құжаттарды орындау бойынша қызметпен айналысуға құқық беретін лицензия (жеке сот орындаушылары үшін);
7. Медиаторларды даярлау бағдарламасы бойынша оқудан өткендігін растайтын сертификат (кәсіби медиаторлар үшін);
8. Клиенттің банктік шотын жүргізуге (банктік шотындағы ақшаны басқаруға) байланысты операцияларды жасау кезінде, қолтаңбалардың үлгілері бар құжатқа сәйкес, төлем құжаттарына қол қоюға уәкілетті тұлғаға (тұлғаларға) бірінші/екінші қол қою құқығын беру туралы сенімхат;

**Қазақстан Республикасының «Қылмыстық жолмен алынған кірістерді
зандастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл
туралы» заңы аясында Клиентті тиісті тексеруге
қажетті құжаттар тізімі**

1. Мемлекеттік тіркеуден өту фактісін растайтын уәкілетті орган берген құжаттың көшірмесі (Хабарлама/Хабарламаны қабылдау туралы талон немесе рұқсаттар мен хабарламалардың мемлекеттік электрондық тізілімінен үзінді көшірме);
2. Клиент-жеке кәсіпкердің, шаруа қожалығының, жеке не нотариустың, адвокаттың, жеке сот орындаушысының, кәсіби медиатордың *сауалнамасы* (Банк бланкті ұсынады);
3. Егер Клиенттің атынан оның өкілі әрекет етсе, онда қосымша келесілер сұратылады:
Клиент өкілінің жеке басын куәландыратын құжат;
Клиенттің атынан ақшамен және (немесе) өзге мүлікпен операциялар жасауға, оның ішінде Клиенттің құжаттарына қол қоюға Клиент өкілінің өкілеттіктерін растайтын құжаттар.